


Қазақ халқының  
музыка аспаптары

# Домбыр а





Домбыра жүрегіммен үндес едің,  
Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.  
Бабамнан қалған мұра сен болмасаң,  
Өнердің не екенін де білмес едім.

*Мұқағали Мақатаев*

Домбыра— қазақ халқының көне музыка аспабының бірі.

Біздің заманымызға қазақ халқының ән-күйлері, жыр дастандары осы домбыра арқылы жеткен.

Домбыраны әрбір қазақ қастерлеп үйінің төріне іліп қояды.



# Қазақ халқының атақты күйшілері:



Құрманғазы



Дәулеткерей



Дина Нұрпейісова

Бабамыздың мұңысың сен, домбыра,  
Анамыздың сырысың сен, домбыра.  
Қазағымның жүрегінен жаралған,  
Даламыздың үнісің сен, домбыра!

## Домбыра құрылысы.

*Домбыра 3 бөліктен тұрады. Бас бөлігі, мойыны, шанақ. Басында құлақтары, шайтан тиегі орналасады. Мойын бөлігінде пернелер, шанақта тиек, ойық, ілгек орналасады. Домбыра- әрбір құрылымдық элементтерінің қызметін жалпы физикалық күрделі заңдармен түсіндіретін ұлттық акустикалық –аспап.*

